



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№25 (5186)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

19

маусым (жұма)
июня (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник



**Құрметті ақ желеңді абзал жандар,
адам жанына арашашы дәрігерлер!**

Жаздың алғашқы айында келіп жеткен кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Ауырған жанды емдеу, оның өмірін сақтау – Сіздердің Отан, адамзат алдындағы қасиетті борыштарыңыз. Соңғы жылдары әлемдік індет бізге медицина мамандарының қажеттілігін бұрынғыдан да артық сезіндіріп, дәрігерлердің мәртебесін биіктете түсті.

Сіздердің әрбір жұмыс күндеріңіз – көзсіз ерлік пен шексіз жауапкершілікпен тұрады. Өз денсаулықтарыңыз бен отбасыларыңызды кейінге ысырып, науқастың өмірі үшін түн ұйқыны төрт бөлуге дайын екендіктеріңіз – нағыз жанкештіліктің үлгісі. Дәрігердің шипалы алақаны мен жылы сөзі – үрей құшағындағы адамға үміт сыйлайтын ең үлкен ем. Сондықтан да Сіздердің бұл еңбектеріңіз шын мәнінде барлық құрметке лайық!

Бұл орайда, әлемдегі ең ізгі, ең қастерлі мамандық иелерінің қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып келеді. Әрине, ең үлкен баға – халықтың шынайы көңілі екені сөзсіз. Дертіне шипа іздеген әрбір тұрғын Сіздерге дән риза деп білемін. Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЕЛДІКТІҢ ТІРЕГІ, ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ

Құрметті Іле ауданының мемлекеттік қызметшілері мен сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызмет – бұл жай ғана жұмыс емес, бұл – елге, халыққа қалтқысыз қызмет ету, үлкен жауапкершілік пен биік азаматтық парыз. Тәуелсіздігімізді нығайту, экономикамызды еселеу және халықтың әл-ауқатын арттыру жолында атқарып жатқан еңбектеріңіз өлшеусіз.

Іле ауданының өсіп-өркендеуі, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің артуы және әрбір тұрғынның өмір сүру сапасының жақсаруы – Сіздердің күнделікті қажырлы еңбектеріңіз бен кәсіби біліктіліктеріңіздің тікелей нәтижесі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруда ауданымыздың әрбір қызметкері өз

Іле ауданында денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында барлық мүмкіндіктер жасалуда. Дегенмен, заман дамып, медициналық технологиялар жаңарғанымен, ең басты құндылық – дәрігердің терең білімі, кәсіби тәжірибесі мен мейірімді жүрегі болып қала бермек. Ауыр жағдайдағы науқастың беті бері қараған сәтте оның жақындарының көзінен шыққан қуаныш жасы – Сіздердің ерен еңбектеріңіздің ең жоғары әрі ең шынайы бағасы. Сіздер әрбір шаңыраққа күлкі мен үміт сыйлап отырған нағыз заман қаһармандарысыздар. Дәрігерлік – тек дипломмен шектелетін кәсіп емес, ол – жүректің қалауы, жанның тазалығы. Сіздердің әрбір сәтті оталарыңыз бен дер кезінде көрсеткен көмектеріңіздің артында мыңдаған адамның тағдыры мен болашағы тұр.

Құрметті ақ желеңді асыл жандар! Ерен еңбектеріңізге, шипалы алақандарыңызға, мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін. Сіздерді медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер, баянды бақыт пен жаңа табыстар тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

міндетін абыроймен атқарып келеді деп нық сеніммен айта аламын.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегендей, Сіздердің бойларыңыздағы еділдік, заңдылықты құрметтеу және қарапайым халыққа деген жанаушылық – мемлекеттік аппараттың беделін асқақтататын басты құндылықтар.

Осынау айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс пен ынтымақ тілеймін!

Еліміздің гүлденуі мен Іле ауданының дамуы жолындағы жауапты да беделді еңбектеріңізге толағайтабыстайтын! Мемлекетіміздің тұғыры биік, егемендігіміз мәңгілік болсын!

Қайыржан ЖАҚСЫМБЕТОВ,
аудан әкімі

«ЖАС ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР» ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Қазақ халқы қай кезде де ел ертеңіне алаңдап, болашағы ұрпақтың тәрбиесіне аса көңіл бөлген. Тұтас ұлттың, өз халқының аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары сан түрлі. Мектепте оқушыларды тәрбиелеудің бағыттарының ішінде жас ұрпақты патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс саналады. Тәрбиенің бұл бағыты жастарды өз Отанын сүюге, елін қорғауға, ұлттық әскер сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды.

Жас ұрпақты елжандылыққа баулу мақсатында Өтеген батыр ауылындағы №7 орта мектепте 2019-2020 оқу жылында Республика бойынша тұңғыш «Жас өрт сөндіруші» әскери-патриоттық сыныбы ашылған болатын.

Сәрсенбінің сәтті күні «Жас өрт сөндіруші» әскери-патриоттық сыныптары-

және отансүйгіштік қасиетті биік ұстаулары, өз ісінің білікті маманы болулары және мектепте алған тәлім-тәрбиені ұлықтап, қоғамда үлгілі азамат ретінде қалыптасулары керектігін баса айтты.

Мектеп директорынан кейін сөз алған қонақтар, сынып жетекшілері және түлектердің ата-аналары да жүрекжарды ақ тілектерін айтып, алда келе жатқан Ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтулеріне тілектестік білдірді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Макашева Альматай Ашимхановна мектеп директорының жалпы орта мектепті бітіру туралы бұйрығын оқыды. А. Макашева өз сөзінде «2025-2026 оқу жылында 11-сыныпты 150 оқушы бітіріп, білім нәрімен сусындап, алтын ұя мектебінен қанат қаққалы отыр. Оның ішінде, 20 «Алтын төс белгісі» иегері болса, 8 түлек



ның алғашқы қарлығаштары түлеп ұшып, мектеп қабырғасын артқа тастап, үлкен өмірге қадам басты. Шараға Қазақстандық жас патриоттар Академиясы республикалық Қоғамдық Бірлестігінің төрағасы Битуова Тилдаш Рыскулбековна, қазақстандық жас патриоттар Академиясы Қоғамдық Бірлестігінің Алматы, Жетісу облыстары филиалының директоры Бутимбаева Жанатгуль Мошанова, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы Қонаев қаласы кешенінің басшысы Хаджимуханова Жарқынай Бибулатовна, Іле аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Ахметкалиев Айдос Аманғажиевич, әскери-патриоттық сыныптарының түлектері, мектеп бітіруші барлық түлектер және ата-аналар қатысты.

Салтанатты шараны мектеп директоры Төлегенова Жамиля Казакбаевна ашып, бітіруші түлектерге сәт сапар тіледі. Ж. Казакбаевна өз сөзінде «Құрметті жас түлектер! Сіздерді Мектеп әкімшілігі мен жеке өз атымнан сіздерді оқу жылын сәтті аяқтап, мектеп бітірулеріңізбен құттықтаймын. Мықты тәртіп пен жоғары жауапкершілікті серік еткен әскери-патриоттық сынып түлектері – мектебіміздің мақтанышы. Алға қойған мақсаттарыңызға жету жолында келесі маңызды міндеттерді орындауларыңызға тілектеспін» - дей келе, Қазақстан Республикасына адал қызмет ету

«Үздік аттестат» иегері» - деп, бітіруші түлектер жайлы ақпарат берді. Шара барысында жас өрт сөндірушілерге мектеп бітірушінің төлқұжаты – аттестат пен әскери-патриоттық сыныбының толық курсын тәмамдағаны жайлы сертификатты табысталап, түлектер «Жас патриот» медалімен марапатталды. Сондай-ақ, «Жас өрт сөндіруші» әскери-патриоттық сыныбының әскери Туы 10 «А» «Жас өрт сөндіруші» әскери-патриоттық сыныбының оқушыларына ресми түрде табысталап, мектеп бітіруші жас өрт сөндірушілер мектеп ауласында соңғы рет саптық жүріспен жүріп өтті. Мерекелік шара білім түлектердің 11 жыл білім алған мектебі мен ұстаздарына алғыс айтып, ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

Айта кетелік, «Жас өрт сөндіруші» әскери-патриоттық сыныбын 18 түлек тәмамдаса, оның ішінде 3 түлек «Алтын белгі» иегерлері атанды. Бітіруші түлектердің ішінде әскери мамандықты тандап, болашақта Тәуелсіз Қазақстанның тыныштығын күзетіп, өмірін Отан қорғау ісіне арнауға бел буып отырғандар да бар. «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» демекші, болашақ Отан қорғаушы азаматтарға сәттілік тілейміз.

Алмат ЕРЖАНОВ,
«Жас өрт сөндіруші» әскери-патриоттық сыныбының әскери жетекшісі